

№2 ХАТТАМА

Қызылорда қаласы Ажаров көшесі №34 мекен-жайында орналасқан №5 жатақхана ғимаратындағы студенттік буфетті жалға беру жөніндегі конкурстық комиссияның қорытындыларын шығару туралы

Қызылорда қаласы

«20» тамыз 2024 жыл

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректорының 2021 жылғы 10 ақпанындағы тұрғын емес үй-жайын жалға беру бойынша конкурс өткізу туралы №66-а бұйрығына сәйкес құрылған Комиссиямен Ажаров көшесі, 34 мекен-жайында орналасқан №5 жатақхана ғимаратындағы студенттік буфетті жалға (жалдауға) беру мәселесі бойынша отырыс өткізілді.

Күн тәртібі: Тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жөніндегі конкурстық комиссияның отырысы.

Конкурстық комиссияға қатысқандар:

Комиссия төрағасы: Н.Ж.Уразбаев – Экономика және қаржы департаментінің директоры
Төраға орынбасары: Ж.Н.Базартай – Басқарма мүшесі-әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор

Комиссия мүшелері:

Н.К.Рабатова – Бас есепші

С.М.Ильясова – Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы

А.Ш.Шыңғысбаев – Экономика және жоспарлау бөлімінің басшысы

Комиссия хатшысы:

Г.М.Тұрар – Экономика және жоспарлау бөлімінің экономисі

Конкурстық өтінімдерді қарау жері: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, №29А 216 кабинет.

1. Өтінімдер салынған конверттерді соңғы мерзім аяқталғанға дейін келесі әлеуетті қатысушылар ұсынды

№	Қатысушылар	Тапсырған күні, уақыты	Баға ұсынымы
1	ЖК «Назерке»	19.08.2024 ж, 10:50	70 000 (жетпіс мың) теңге

2. Қабылданбаған өтінімдер жоқ.

3. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру ережесінің 6.6. тармағына сәйкес егер конкурсқа қатысу үшін өтінімді тек бір ғана әлеуетті қатысушы берген немесе оған қатысу үшін бірде-бір өтінім берілмеген жағдайда, объектіні жалға беру туралы мәселені қарау жөніндегі конкурс өткізілмеді деп танылады.

4. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру ережесінің 7.1. тармағына сәйкес егер конкурс өткізілмеді деп танылған жағдайда, негіз бойынша екіден кем өтінім ұсынылса, Жалға беруші жалғыз әлеуетті қатысушыға шарт жасасу ұсынысын жасап хат жолдайды.

Комиссия ШЕШТІ:

1) Тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдау (жалға алу) шартын жасау мақсатында ЖК «Назерке» Қызылорда қ., Абдрахманов көшесі №81 үй мекен-жайында орналасқан жалғыз әлеуетті қатысушы болғандықтан ЖК «Назерке» тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдау (жалға алу) келісім шартын жасау жөнінде хат жіберілсін.

2) Конкурсты ұйымдастырушы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ 2024 жылдың 1 қыркүйек айынан бастап студенттер мен қызметкерлерді тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алу) шартын 2024 жылдың 30 мамыр айына дейін жасалсын.

3) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ комиссия хатшысы асхананың тұрғын емес үй-жайын мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қорытындылары туралы осы хаттаманың мәтінін университеттің интернет-порталына орналастырсын.

Осы шешімге дауыс бергендер:

Жақтап - 4 дауыс

Қарсы – 0 дауыс

Қалыс қалғандар – 1 дауыс

Комиссия төрағасы:  **Н.Ж.Уразбаев**

Төраға орынбасары:  **Ж.Н. Базартай**

Комиссия мүшелері:  **С.М.Ильясова**

А.Ш.Шыңғысбаев

Комиссия хатшысы:  **Г.М.Тұрар**